

## Атырау қаласының әкімшілік шекарасын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 маусымдағы № 458 қаулысы.

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 13-бабының 5) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Махамбет ауданы жерлерінің жалпы ауданы 7145 гектар бір бөлігін Атырау қаласының шегіне қосу жолымен Атырау қаласының әкімшілік шекарасын өзгерту туралы "Атырау облысы Атырау қаласы және Махамбет ауданының шекарасын өзгерту жөнінде ұсыныс енгізу туралы" Атырау облыстық мәслихатының 2018 жылғы 14 қарашадағы № 264-VI шешіміне және Атырау облысы әкімдігінің 2018 жылғы 6 қарашадағы № 284 қаулысына келісім берілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2019 жылғы 28 маусымдағы  
№ 458 қаулысына  
қосымша

### Атырау облысы Махамбет ауданы жерлерінің Атырау қаласының шегіне қосылатын бөлігінің экспликациясы

Ауданның, ауылдық округтің атауы	Елді мекен атауы	Атырау қаласының шегіне қосылатын жерлердің ауданы (гектар)	Оның ішінде:				
			елді мекендердің жерлері	өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	су қорының жерлері	босалқы жерлер
Махамбет ауданы, Алмалы ауылдық округі	Алмалы және Береке ауылдары	7145	1066	331	4975	270	503
Барлық жерлер:		7145					

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК